

ӘОЖ 304. 444

Г.О. Әбдікєрова*, А.М. Сералы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*E-mail: gulnafis.Abdikerova@kaznu.kz

Әлеуметтік сала мамандарының қоғамдық қатынастардың гуманистік мазмұнын қалыптастырудағы рөлі

Аңдатпа. Әлеуметтік сала қоғамның негізгі саласы болып табылады. Бұл саланың мамандары қоғамды гумандандыруда басты рөл атқарады. Азаматтық қоғамды, әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру қазіргі кезеңде өзекті мәселелердің қатарына жатады. Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің, азаматтық қоғамның өзіндік үлгісін қалыптастыруға әлеуметтік сала мамандары белсене қатысады. Халықтың аз қорғалған бөлігін әлеуметтік қорғау, олардың тұлғалық белсенділіктерін, өз тұлғасына құрметпен қарауын дамыту, әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсетудің жолдарын жетілдіру стратегиялық тұрғыдан маңызды. Бұл Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде өз ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік дамудың мақсаттарын белгілеуді көздейді.

Түйін сөздер: Әлеуметтік сала, азаматтық қоғам, әлеуметтік мемлекет, әлеуметтік қорғау.

Қазіргі тұлғаның сапасы өмір сүрудің сапасымен, қоғамның әлеуметтік әл-ауқатының деңгейімен, дүниетанымдық принциптермен және қарым-қатынас жасау түрімен анықталады. Таза табиғи орта, тұрғын үйдің, тамақтанудың сапасы және бос уақытты мәдени өткізу бұл адамның денсаулығының ғана емес, сонымен қатар тұтасымен қоғамның мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Тұлғаның физиологиялық, психологиялық және рухани денсаулығының жақсы көрсеткіштері қоғамның әлеуметтік тұрғыдан салауаттылығының жоғары екендігін дәлелдейді. Тұлға менталигатын, қоғамның және оның институттарының арасында әлеуметтік серіктестікке негізделген байланыстардың қалыптасуы – қоғамдық қатынастардың тұрақтылығының белгісі. Қоғамда дүниетанымдық көзқарастары сапалы білім, руханилық және адамгершілікке бағытталған тұлғалардың қалыптасуы әлеуметтік сфераның үлгісінің тұрақтылығының индикаторы болып табылады. Әлеуметтік сфераның дамуының тұрақты үлгісін қалыптастыруда осы саланың мәселелерін шешуге тікелей үлес қосып жүрген мамандар әлеуметтанушылар мен әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіби біліктілікке үйретуде білім институттарының алатын орны ерекше.

Қазақстан мемлекетінің дамыған 50 ел қатарына қосылу перспективасы, сонымен қатар әлеуметтік мемлекет ретінде өзін әлемге таныту мақсаттары әлеуметтік саланың мамандарын дайындауға көп талаптар қойып отыр. Шын мәнінде, әлеуметтік мемлекет құру үшін халықтың барлық топтарының мүдделерін қорғайтын әлеуметтік саясаттың болуы міндетті. Әлеуметтік сфераның дамуы елімізде жүріп жатқан реформаның әлеуметтік бағытталғандығының көрінісі бола алады. Халықтың әл-ауқатының көтерілуі табыстың көтерілуінен, тұтыну тауарларын өндірудің ұлғаюынан ғана емес, сонымен қатар өмір сүру сапасынан да көрінеді.

Әлеуметтанушы мамандар қоғамның әлеуметтік ауруларының диагнозын қойып, олардың пайда болу себептерін анықтап, тиімді түрде шешу жолдарын ұсынып отырады. Кең мағынасында алып қарағанда, әлеуметтану – қоғамның негізгі салаларының әлеуметтік сферамен байланысты аспектілерін зерттейтін ғылым. Әрбір экономикалық, саяси, мәдени, құқықтық мәселелердің әлеуметтік аспектілері бар.

Қоғам – әлеуметтік жүйе. Әлеуметтік жүйенің элементтерінің бір-бірімен қарым-қатынасының сипаты, олардың қоғамға интеграция

жасау ерекшеліктері, әлеуметтік даулардың мәні, қоғамды дамытудағы жасампаздық рөлі – бұл мәселелердің барлығы әлеуметтанушы-ғалымдардың назарында болуы тиіс. Егер әлеуметтанушылар халықтың барлық топтарының әлеуметтік жағдайларына, қоғамдағы әлеуметтік мәртебелеріне, әлеуметтік қамтамасыз етілу мүмкіндіктеріне назар аударып, макро және микро деңгейдегі өзекті мәселелерге, олардың қоғамның әлеуметтік жағдайына тигізетін әсеріне зерттеу жүргізетін болса, онда әлеуметтік жұмыскерлер өз зерттеулерін халықтың мүмкіндігі шектеулі, аз қамтамасыз етілген топтарына, бұл топтардың әлеуметтік жағдайларын жақсарту жолдарын іздестіруге, тиімді әдістер мен технологияларды таңдауға бағыттайды. Әлеуметтік жұмыскерлер қоғамда қиын жағдайда отырған, ортаға бейімделуге мүмкіндіктері шектеулі және басқа да әртүрлі әлеуметтік көмек түрлеріне өте зәру топтарға көмек көрсетумен айналысады.

Әлеуметтану мен әлеуметтік жұмыс мамандығының Қазақстанда даму перспективасына басты назар аудару бұл мамандықтар бойынша шет елдердің мамандар дайындау тәжірибелеріне ден қою, олардың әлеуметтік қызмет орталықтарымен байланыс жасай отырып, тәжірибе алмасуды талап етеді. Мысалы: батыс елдерінің тәжірибесі құқықтық қамтамасыз етілудің құқықтық жазықтықты қалыптастыру, заңдық талаптарды бекіту, нормативтік актілерді жасау мен қабылдау, әлеуметтік қызмет көрсетудің құқықтық нормативтік реттестірілуі, яғни халықтың түрлі топтарымен әлеуметтік жұмыс жүргізудің құқықтық нормативтік тұрғыдан бір жүйеге келтірілуімен байланысты екендігін көрсетеді.

Әлеуметтану мен әлеуметтік жұмыс қоғамдық қатынастардың гуманистік мазмұнын қалыптастыруға ерекше үлес қосатын жаңадан қалыптасып келе жатқан ғылымдар қатарына жатады. Бұл саладағы мамандар адамдардың өз-өздеріне көмектесе білу қабілеттерін жетілдіруге, өз мүмкіндіктерін дамытуға, бір-біріне жанашырлықпен қарауға қажетті сапаларын қалыптастыруға қолдау көрсетіп, көмектеседі. Әрбір адамның өз ресурстарын тиімді пайдалану арқылы тұлғалық сапаларын қалыптастыруына қолдау жасау, әлеуметтік саланың мамандарының басты міндеттерінің бірі.

Дербестік пен қайталанбас жеке тұлғалық

белгілерді қалыптастыру – қазіргі заманның талабы. Бұл талаптар әлеуметтік саланың мамандарын дайындайтын ғылымдардың жаңа әдістемелік концепциялары мен технологияларында, әдістері мен ыңғайларында ерекше көрініс тапқан.

Әлеуметтік жұмыс – универсалды әлеуметтік институт. Оның таратушылары барлық адамдарға мәртебелеріне, ұлтына, дініне, нәсіліне, жасына және басқа да жағдайларына қарамастан көмек көрсетеді. Көмек көрсетудің басты өлшемі – адамдардың көмекке зәру болуы, көмекті қажет етуі және өзінің күшімен қиыншылықтарды жеңе алмауы.

Әлеуметтік жұмыс институты – азаматтық қоғамның басты атрибуты. Сондықтан да әлеуметтік жұмыскердің қызметі мемлекеттік заңдармен реттеліп отырады. Әлеуметтік сала маманы, әлеуметтік терапевт қызметін атқарып, клиенттің өзінің ресурсына сүйенуі арқылы өз мәселесін шешуіне көмектесуі қажет. Кедейшілікпен күрес әлеуметтік жұмыстың негізгі міндеті болып есептелгенімен бұл ғылымды тек қана осындай адамдар тобымен шектеуге ешқандай негіз жоқ. Өмірде бақытсыздық пен аурудың әсерінен өте жақсы тұратын отбасылар да қиындыққа ұшырап, көмекті қажет етеді. Ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастарды бұзатын отбасылық мәселелер әлеуметтік мәртебесіне, материалдық жағдайына қарамастан әрбір отбасында орын алуы мүмкін. Қоғамда дағдарыстық жағдайлардың орын алуының созылып кетуі, адамгершілік-материалдық құндылықтар жүйесінің күйреуі психологиялық көмектің көп адамдарға керек екендігін көрсетеді. Жұмыссыздықтың орын алуы, жұмыстан шығу қаупінің күшеюі адамдардың өз-өздерін қамтамасыз етіп, өзіндік жұмыс көзін табуына мүмкіндік беретін әлеуметтік қызмет орындарының рөлінің көтерілуіне алып келеді. Сондықтан да қазіргі уақытта әлеуметтік сала мамандарына деген қажеттілік өте жоғары болып табылады.

Қазақстанда экономиканың дамуының әлеуметтік мақсаттарға бағытталуы, кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру шаралары мемлекетіміздің әлеуметтік мәселелерді шешуге толық бет бұрғандығын көрсетеді.

Әлеуметтік мақсаттар қоғамның өз азаматтарының бірдей бастапқы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, адамдар арасында азаматтық байланыстарды бекіту, отбасылық қатынастарда

тұрақтылықты қалыптастыру, әйелдер жұмыс-бастылығына қолдау көрсету, табыстың әділ бөлінуін қадағалау, қоғамдық құрылымның ұлттық ерекшелігін сақтаумен байланысты гуманистік перспективасын анықтайды.

Әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік бейімдеу, ынталандыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі стратегиялық бағыттар. Қоғамдық өмірдің өзгеруі жағдайында дамыған нарық қоғамында тиімді түрде әрекет етуші әлеуметтік сфераны қалыптастырған шет елдердің тәжірибесіне баса назар аудару өте маңызды. Еуропаның әлеуметтік қорғау үлгісі жалпыға ортақ игілік мемлекеті теориясына негізделеді. Оның негізінде адамның табиғи құқығы концепциясы жатыр. Бұл мемлекеттер халықтың өмір сүру деңгейінің қажетті минимумын қамтамасыз етуге байланысты экономикалық потенциал қалыптастыруды негізгі мақсат ретінде қарастырады. Экономикалық өмірдің либерализациялануы нарық реттегіштерін ендіруге, мінез-құлықтың экономикалық үлгісін қалыптастыруға, өзгерген жағдайларға тұлғаның белсенді бейімделуіне кең мүмкіндіктер жасайды.

Шын мәнінде, ХХІ ғасырда әлеуметтік сфера қоғамның басты сфераларының біріне айналып отыр. Сондықтан да әлеуметтік сала мамандарын дайындау, халықтың түрлі топтарына әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсетудің жолдарын жетілдіру стратегиялық тұрғыдан маңызды. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйену қоғамның дамуының белгілі бір кезеңінде қалыптасатын әлеуметтік мәселелер мен оларды шешуге бағытталған әлеуметтік жұмыстың түрлері арасындағы тығыз байланыстың бар екендігін көрсетеді.

Қазақстанның түрлі аймақтарына ұдайы түрде жүргізіліп отыратын социологиялық зерттеулер республиканың барлық аймақтарына ортақ және оның жеке аймақтарына ғана тән әлеуметтік мәселелердің бар екендігін көрсетіп отыр. Шет ел тәжірибесін белсенді түрде қабылдау арқылы оны еліміздің нақты жағдайларына сай қолдана білу, әлеуметтік жұмыстың аймақтық үлгілерін қалыптастыру қазіргі кезеңде аса өзекті.

Материалдық мүмкіндіктердің шектеулігі, тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі, жұмыссыздықтың өсуі, ажырасу тенденциясының күшеюі, т.б. бірқатар мәселелер Қазақстанның барлық аймақтарына ортақ әлеуметтік мәселелер болса, онда экологиялық

зардаптар көбінесе жеке аймақтарға тән. Инфраструктураның даму деңгейінің төмендігі, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің жеткіліксіздігі әлеуметтік сала мамандарының алыс-шалғай жатқан аудандар мен ауылдарға барып қызмет етуіне кедергі келтіруде. Туысқандық қарым-қатынастардың қазақ отбасыларында кеңінен орын алуы әлеуметтік жұмыстың жеткіліксіздігін білдіртпей тұрғандай. Ресми емес қарым-қатынастар жүйесінің (туысқандар, достар, көршілер, т.б.) қоғамда кеңінен орын алуы дағдарыстарға байланысты туындаған қиындықтарды халықтың түрлі топтарының жеңіп шығуына мүмкіндік беруде.

Мемлекетте әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің дамығандығының маңызды белгісі оның инфраструктурасы болып табылады. Қазақстанда әлеуметтік көмек көрсету мекемелерінің кәсіби тұрғыдан қалыптасуына кедергі келтіретін түрлі факторларды атап өтуге болады. Оларға мемлекеттік және жергілікті деңгейде қаржылық ресурстардың, әлеуметтік жұмыс саласынан кәсіби дайындығы бар мамандардың жеткіліксіздігі, әлеуметтік қызмет көрсету орындарында қызметкерлердің жалақыларының төмендігі, үкіметтік емес мекемелердің мүмкіндіктерінің (қаржылық, экономикалық, интеллектуалдық, т.б.) толық қолданылмауы жатады.

Әлеуметтік салада көптеген мәселелердің дұрыс шешілуі қоғамның типіне және биліктің жүзеге асырылу ерекшелігіне тікелей байланысты. Халықтың қажеттіліктері мен көзқарастарына, пікірлеріне биліктің сезімталдығы адамдардың әлеуметтік белсенділіктеріне тікелей әсер етеді.

Әлемдік теория мен практикада мемлекетті құруға байланысты оның кешенді сипаттамасы ретінде қолданылатын «әлеуметтік мемлекет» ұғымы кеңінен орын алуда. Қазақстан Республикасының Конституциясында біздің еліміз адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы басты құндылық болып есептелетін әлеуметтік мемлекет ретінде көрсетіледі. Әлеуметтік мемлекет – барлық азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін мемлекеттің жоғары дамыған түрі. Мұндай мемлекетте халықты әлеуметтік қорғаудың тұрақты үлгісін қалыптастыру аса маңызды.

Қоғамда негізгі өзгерістерді жүзеге асыруға, оның экономикалық, саяси және рухани потенциалының объективті мүмкіндіктерін қолдануға

әсер ететін механизмге мемлекеттің әлеуметтік саясаты жатады. Қазіргі әлеуметтік саясат кеңес үкіметі кезеңіндегідей жаппай, адрессіз көмек көрсетуді қолдамайды. Мұның себебі тек қана мемлекеттің экономикалық қиыншылықтарынан емес, адамға қатысты көзқарастардың өзгеруінен, яғни жеке жауапкершілік пен инициативаның рөлінің артуынан болып табылады.

Қоғамның гуманистік перспективалары әлеуметтік сфераны толық және тұрақты дамытумен байланысты. Гуманизм адамға құндылық ретінде қарауды қалыптастыруды көздейді. Осындай құндылықтарды қалыптастыруда әлеуметтанушылар мен әлеуметтік жұмыскерлер негізгі рөл атқаруы тиіс. Адамды дамытудың негізгі мақсаты – олардың ұзақ, салауатты өмір сүруіне мүмкіндік беретін саяси, экономикалық және әлеуметтік, экологиялық ортаны қалыптастыру. Адамды және ол жасаған өркениетті гумандандыру білімнің гумандандырылуын, басқару жүйесінің гуманистік басқару әдістеріне негізделуін талап етеді.

Тұрақты даму жеке адамның ішкі дүниесінің өзгеруінен, оның өзіне, айналасындағы басқа адамдарға және табиғатқа қарым-қатынасынан

көрінеді. Бұл өз іс-әрекетінде моральдық, этикалық принциптерді басшылыққа алатын адамдар арқылы жүзеге асады. Қоғамның жаңаша даму парадигмасы мәдениетке, білімге, ақпаратқа баса назар аударып, қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастардың дүниетанымдық негіздерін қайта қалыптастыруды талап етеді. Қоғамдағы қиындықтарды шешуге мүмкіндік беретін адамдық ресурстың сапасы болып табылады. Бұл сапалар адамдардың білімдік, мәдени даму деңгейлерінен көрінеді.

Тұрақты дамуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттің түрі – әлеуметтік мемлекет. Бұл адамдардың жоғары деңгейде қорғалуын қамтамасыз ететін жоғары дамыған мемлекеттің түрі. Әлеуметтік мемлекеттің қазақстандық үлгісінің қалыптасуына, оның гуманистік перспективаларының шын мәнінде практикада жүзеге асырылуына тікелей аянбай еңбек ететін әлеуметтік сала мамандары. Олай болса, әлеуметтанушылар мен әлеуметтік жұмыскерлерді дайындауды әлемдік стандартқа сай, сонымен бірге Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде дамуының мақсаттарын ескере отырып жүзеге асырған жөн.

Г.О. Абдикєрова, А.М. Сералы

Роль специалистов социальной сферы в совершенствовании гуманистического содержания общественных отношений

Социальная сфера является ключевой сферой общества и играют большую роль в ее гуманизации активно участвуют в формировании модели гражданского общества и социального государства. Специалисты социальной сферы. Социальная защита слабозащищенных слоев общества, развития их личностных качеств, самоуважения, совершенствования форм и способов социальной поддержки населения имеет большое значение со стратегической точки зрения. Это требует учета специфики развития Казахстана как национального государства в процессе планирования цели социального развития.

Ключевые слова: социальная сфера, гражданское общество, социальное государство, социальная защита.

G.O. Abdikerova, A.M. Seraly

Role of experts of the social sphere in improvement of the humanistic maintenance of the public relations

The social sphere is the key sphere of society. Experts of this sphere play large role in a society humanization. Formation of civil society and the social state is an actual problem in modern conditions. Experts of the social sphere actively participate in formation of model of civil society, the social state. Social protection of poor layers sectors of society, developments of their personal qualities, self-esteem, improvement of forms and ways of social support of the population is of great importance from the strategic point of view. It demands the accounting of specifics of development of Kazakhstan as national state in the course of planning of the purpose of social development.

Keywords: social, civil society, the welfare state, social protection.